

«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қараша айындағы №3 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 27.01.2024ж

Қатысуға тиісті: 18

Қатысқандар: 14(қосымша1)

Тақырыбы: «Білім сапасы - мұғалімнің шеберлігінің жемісі»

Күн тәртібінде:

- | | | |
|----------------------------|-----|---|
| Кафедра жетекшілері: | 1 | Кафедра жұмыстарының I жарты жылдық қорытынды есебі |
| ДОЖО: | 2 | II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі |
| ДОЖО, кафедра жетекшілері: | 3 | Үлгермеушіліктің себептері мен салдарын анықтау |
| ДОЖО: | 4 | 1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру |
| Кафедра жетекшісі: | 5 | Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмаларының ұйымдастырылуы |
| ДОЖО: | 6 | 7- сыныптарда химия, физика пәндерінің жаңартылған білім мазмұны бойынша берілу жағдайы |
| ДОЖО: | 7 | 1 және 5 сыныптардың бейімделу кезеңіндегі жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтарды анықтау |
| ДБЖО: | 8 | Биология пәнінен зертханалық жұмыстарында 7-9 сынып оқушыларының ізденіс қабілеттерін арттыру |
| ДОЖО: | 9 | Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы. |
| Дене нұсқаушысы | 10 | Дәстүрлі спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру шараларының тиімділігі |
| Кафедра жетекшісі: | 11 | Жаратылыстану пәндерінен әртүрлі тақырыптық көрмелердің жүргізілуі |
| ДОЖО, кафедра жетекшісі: | 12 | ЖМБ пәндерінің ағылшын тілінде берілу жағдайы(химия,физика, биология) |
| ДОЖО: | 13 | Орыс тілінің оқытылуын зерделеу(5-7 сыныптар) |
| ДБЖО: | 14 | Мектептің зерттеу әлеуетін арттыру |
| | 15. | 7-9 сыныптардағы география пәнінің берілу жағдайы |
| ДТЖО: | 16 | Тәрбие сағаттарының тиімділігі |
| | 17. | Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру |

I ТЫНДАЛДЫ

Кафедра жетекшілері Г.Кокишева, Ж.Бекболатова, С.Ерболатова, Б.Қанатбаев: Кафедра жұмыстарының I жарты жылдық қорытынды есебі туралы айтып өтті(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 2)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Э.Дюсембаева: Әр кафедра бойынша білім сапасы төмен сынып көрсетіп тұрған пәндерден Лессон стади сабақты зерттеу топтары құрылып, жұмыстарын жүргізіп жатыр. Зерттеу өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Кафедра жұмыстарының I жарты жылдық қорытынды есебі тындалды деп табылсын;

II ТЫҢДАЛДЫ

ДОҒЖО Г.Мұттахиқызы: II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебін барли пән мұғалімдері уақытылы жасады. Талдамасы жасалды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 3

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Алынған жұмыстарға талдау жүргізу барысында жас мамандарға көмек беру тәлімгерлерге міндеттелсін;
2. ӘБ бойынша бірлескен жоспарлаулар мен оқушылардағы білім сапасының төмендеу себептерін анықталсын;
3. Пән мұғалімдері жиынтық бағалау жұмыстарын жүйелі жүргізісін;
Бақылау басшылық жасау ДОҒЖО Г.Мұттахиқызына міндеттелсін.

III ТЫҢДАЛДЫ

ДОҒЖО Г.Мұттахиқызы: Үлгермеушіліктің себептері мен салдарын анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. II жарты жылдықта үлгермеуші оқушы болған жоқ. Алайда «3-тік» бағамен тоқсандық бағаға шыққан оқушылар бар. Оқушылардың басым көпшілігі қазақ тілі, қазақ әдебиеті, алгебра, орыс тілі пәндерінен «3-тік» бағаға шыққан. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 4)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Г.Шоланова: Оқушылардың өтілген тақырыптарды қайталамауы, анықтамаларды жаттамауы, формулалармен өздігімен жұмыс жасамауы сапаның төмендеуіне әкеліп отыр. Салдарынан өтілген тақырыптарды жаңа тақырыптармен байланыстыруына кері әсерін тигізіп отыр.

Ж.Бекболатова: Төмен сапа көрсетіп отырған сыныптарда сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеу(Lesson study) жұмыстары ұйымдастырылу қажет. Оқушылардың сабақта белсенділігін көтеретін әдіс-тәсілдерді анықтаған жөн деп ойлаймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. «3-ке» шыққан оқушылармен пән мұғалімдері жеке жұмыс жүргізісін;
2. Төмен сапа көрсетіп отырған сыныптарда сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеу(Lesson study) жұмыстары ұйымдастырылсын;
3. Бақылау басшылық жасау ДОҒЖО Г.Мұттахиқызына міндеттелсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ

ДОҒЖО Г.Мұттахиқызы: 1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру мақсатында 2,3 4 – сыныптардан қаңтар айындағы оқу жылдамдығы алынды. Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей оқу дағдыларының нормалары бойынша 2-сынып II жарты жылдықта 50-55 сөз, 3-сыныпта 65-70 сөз, 4-сыныпта 80-90 сөз болатын. 2-сыныптан төмен көрсеткіш көрсетіп отырған Елубаева Айназ 43 сөз, Нұрасыл Әлнияз 36 сөз, Нұрсұлтан Аяна 35 сөз. 3-сыныптан төмен көрсеткіш көрсетіп отырған Амангелді Рамазан 40 сөз, Мереке Байбол 39сөз, Қабыл Ернұр 61 сөз. 4-сыныптан төмен көрсеткіш көрсетіп отырған Кемелбек Ақбота 80 сөз, Серік Азамат 80 сөз.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 5)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР Г.Шоланова: Оқушылардың оқу жылдамдығын жетілдіру үшін қандай жұмыстар жасалып жатыр?

ДОҒЖО Г.Мұттахиқызы: Бастауыш сынып мұғалімдері төмен деңгей көрсетіп отырған оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарын орындатып, дайындау үстінде.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- 1.Сабақ барысында оқушыларды жетілдіру пән мұғалімдеріне міндеттелсін;
- 2.Бақылау басшылық жасау ОҒЖО Г.Мұттахиқызына міндеттелсін.

V ТЫҢДАЛДЫ

ДОҖО Г.Мұттахқызы: 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға берілген тапсырмалардың ұйымдастырылуын тексерілді. Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуі және оған тезірек бейімделіп, жұмыс істеуі үшін қарапайым қысқа мәтіндерді оқу, түсіну, құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды пайдалана отырып қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдыларды қалыптастыру үшін деңгейге сай тапсырмалар берілді. Әр сабақта ең тиімді әдіс-тәсілді және өтілген материалдарға тест алынады.

1-сыныпта берілген мәтіннің мазмұнын түсініп айту, сұраққа жауап беру, мәтіннің негізгі ойын суретпен бейнелеуге (иллюстрациялық) бағытталған жұмыстар жүргізілді.

2-сыныпта мәтінмен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру, мазмұндау, бөліктерге бөлу, жоспар құру, тірек сөздерді табу, кейіпкерлерді анықтау, оларға мінездеме беру, іс-әрекеттерін сипаттауға («Жетелеуші жеті сұрақ» стратегиясына) жұмыстанды.

3-4 сыныпта ақпараттарды таба алу, ойын монолог түрде жеткізе алуы, мәтіннен негізі ойды анықтау, мәтін мазмұнына сай сұрақтар дайындау, оқиғаның жалғасын болжау, екі тақырыптың ұқсастығын және айырмашылығын табуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Бастауыш сыныптың математика сабағында оқушылар нақты жағдайларға байланысты мәселелерді шеше алуы үшін мысалы, сатып алу бюджетін жоспарлау, жол жүру уақытын есептеу немесе ресурстарды отбасы мүшелері арасында бөлу. Бұл оларға математиканың күнделікті өмірде қалай пайдалы болатынын көруге көмектеседі.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 6)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Б.Қанатбаев: Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуының маңызы зор. Оқушылар мектептен тыс уақыттарда өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығандарын қолдана білуге дағдыланады.

Г.Мұттахқызы: Нақты өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды қолдану мүмкіндігін және әлеуметтік құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін функционалды сауатты адамды қалыптастыруымыз қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмаларын дайындау жетілдірілсін;
2. Бақылау-басшылық ДОҖО Г.Мұттахқызына тапсырылсын.

VI ТЫҢДАЛДЫ

ДОҖО Г.Мұттахқызы: 7- сыныптарда химия, физика пәндерінің жаңартылған білім мазмұны бойынша берілу жағдайына бақылау жасалды. Химия мен физика пәнінен жас мамандар сабақ береді. Қайроллақызы Гүлназ химия пәнінен 12.01 күні жұмысқа кірісті. Тәлімгері Дюсембаева Эльвира, санаты- педагог-зерттеуші. Мұратбаева Мадина физика пәнінен сабақ береді, тәлімгері Шоланова Гүлзина, санаты-педагог- зерттеуші. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 7)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Елеуова: Жас мамандардың сабақтарына жоспары менде қатысып отырмын. Әлі де тәлімгерлерінен көмек қажет. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануды жетілдіру керек. Тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысуын тәлімгерлер қадағалап, жас маманның сабақ беру методикасының қалыптасуына көбірек көңіл бөлгендері дұрыс деп есептеймін.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Үлгілі сабақтарға қатысып, тәжірибе алмасу жас мамандарға міндеттелсін.
2. 7-сыныптағы химия және физика пәндерінің берілісін қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Бақылау басшылық жасау ОҖО Г.Мұттахқызына міндеттелсін.

VII ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова: 2023-2024 оқу жылы 1 және 5 сыныптардың бейімделу кезеңіндегі тақырыптарды меңгерудегі қиындықтарды анықтау бойынша бақылау жүргізілді. (Сөйлейтін сөз жазбасы қоса беріледі 8)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

ДОГЖО Г.Мұттахикқызы: 1,5-сыныптардың бейімделу кезеңінде бақылау барысында 1-сыныпқа Дауылханова Ақжайна сабақ береді. Санаты педагог-сарапшы, 17 жыл еңбек өтілі бар. 26.09 күнгі әлі сабағына, 30.01 күнгі ана тілі сабағына қатыстым. 17.12 күнгі музыка сабағына пән мұғалімі Мендібай Жеңісбек. Білім алушылардың сабаққа қатысы, Әліппе, Ана тілі пәндерінен білім деңгейлері мен оқу дағдылары жақсы. Сынып болып қалыптасуда. 5-сыныптың қазақ тілінен (24.10 күнгі), музыка 19.12 күнгі, 23, 24.01 күндері математика сабақтарына қатыстым. Жыл басына қарағанда ілгерілеуші бар. Дегенмен сынып жетекшісінің тарапынан қадағалаушылық, талап қою керегірек.

С.Калбаева: 5-сынып оқушыларының сабақта белсенділігі жақсы. Алайда бірін-бірі тыңдауға дағдылануы керек.

Г.Мұттахикқызы: 1-сынып оқушылары сабақта тапсырмаларды түсініп, орындауға бейімделіп келе жатыр.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. 1 және 5 сыныптардың бейімделу кезеңіндегі жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтармен пән мұғалімдері жұмыс жүргізген деп танылсын;
2. Алдағы уақытта оқушылардың сабақтағы қиындықтарын анықтау және орындау пән мұғалімдеріне тапсырылсын.

VIII ТЫҢДАЛДЫ

ДОГЖО Г.Мұттахикқызы: Биология пәнінен зертханалық жұмыстарында 7-9 сынып оқушыларының ізденіс қабілеттерін арттыруды анықтау мақсатында 7-сыныптың 12.01 күнгі биология сабағынан зертханалық жұмысына қатыстым. «Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу».

8-сыныптың 26.01 күнгі №9 зертханалық жұмыс «Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы», 9-сыныптың 08.01 күнгі №7 зертханалық жұмысы «Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу», Зертханалық жұмыс №8 «Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу» тақырыптарында сабақтарға қатыстым. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 9)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Оқушылардың зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру пән мұғаліміне міндеттелсін;
2. Бақылау басшылық жасау ОДЖО Г.Мұттахикқызына міндеттелсін.

IX ТЫҢДАЛДЫ

ДОГЖО Г.Мұттахикқызы: Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы туралы айтып өтті. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 10)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Б.Қанатбаев: Биылғы оқу жылы оқушылардың олимпиададан орындары жақсы екен. Тағы ерекшелек ауыл олимпиадасының ұйымдастырылуы балаларға жақсы болды. Енді республикалық кезеңнен орындар бұйырсын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Оқушылардың олимпиадаларға дайындау пән мұғалімдеріне тапсырылсын;
2. Бақылау басшылық жасау ДОГЖО Г.Мұттахикқызына міндеттелсін.

X ТЫҢДАЛДЫ

Дене нұсқаушысы Н.Асқарұлы: Дәстүрлі спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру шараларының қатысуы жақсы. Жоспарлы түрде мектепшілік шаралар өткізілді. Олар: Президенттік сынама, волейбол(8,9,10), волейбол(6,7,8), «Бес асық» челлендж, футбол (5,6,7,8,9), «Жеңіл атлетикалық кросс» (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 11)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Оқушылардың дәстүрлі спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру – сауықтыру шараларының қатысуы жақсы;
2. Спорттық шаралардан жүлдегерлерді шығару пән мұғалімдеріне жіне дене нұсқаушысы Н.Асқарұлына міндеттелсін.

XI ТЫҢДАЛДЫ

Кафедра жетекшісі С.Ерболатова: Жаратылыстану пәндерінен әртүрлі тақырыптық көрмелердің жүргізілуіне тоқталатын болсақ. Пән мұғалімдері I жарты жалдықта үлкен үзілістерде химия, физика, география, биология пәндерінен көрмелер ұйымдастырып, оқушыларға таныстырылымдар жасады. Өткізілген шаралар мектептің фейзбук желісіне салынды. Алайда жаратылыстану пәндерінің комплект кабинеттің болмауы көрмелерді көптеп ұйымдастыруға кедергі болып отыр. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 11)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Э.Дюсембаева: Иа. Биологиядан кабинет жабдықтарының болмауы көрме, зертханалық жұмыстарды жүргізуге мүмкіндікті азайтады.

А.Мұстафин: Мектеп базасының тар болуы, географиядан пәндік кабинеттің болмауы тақырыптық көрмелерді ұйымдастыруда қол байлау болып отыр.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Жаратылыстану пәндерінен әртүрлі тақырыптық көрмелердің жүргізілуі қанағаттанарлық деп табылсын.

XII ТЫҢДАЛДЫ

ДОҒЖО Г.Мұттахқызы: ЖМБ пәндерінің ағылшын тілінде берілу жағдайы(химия,физика, биология) бойынша мектепте үш тілділік курсынан өткен педагог жоқ.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР жоқ

XIII ТЫҢДАЛДЫ

ДОҒЖО Г.Мұттахқызы: Орыс тілінің оқытылуын зерделеу (5-7 сыныптар)

Бекболатова Жанираның оқу мақсаты сабақ мақсатымен сәйкес келеді.

Тақырыпқа сәйкес сурет арқылы сұрақ қойып, осы арқылы сабақ тақырыбы әр оқушы тарапынан айқындалып, сабақ барысы ерекше мән мен мағынаға ие болды.Сабақты жалпы ұйымдастыра алуы: уақытты үнемді қолдануы, бір кезеңнен екінші кезеңге өтуінің байланыстылығы, оқушылардың білім алу әрекетін басқаруы, сыныпқа ие болуы, тәртіп сақтауы; Бағалау критерийлері оқушыларға таныстырылды, сабақ барысында тиімді сұрақтар қойып отырды, АКТ қолданылды (презентация, бейнесабақ youtube).

Тапсырма деңгей бойынша берілді. Тапсырма орындау барысында мұғалім білім алушыларды барынша қолдап, кері байланыс беріп отырды. Әр тапсырмаға дескриптор және бағалау балы қойылған. ҚБ тапсырмасын орындау барысында өзін-өзі бағалау жүрді. Бағалау критерийлерге негізделген.6-сыныптағы оқушы саны: 25

Орындаған оқушы саны: 22 Тест сұрағы 10. Тест нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:жоғары (В): 85-100% - 4 оқушы, орта (С): 40-84%; - 6 оқушы,төмен (Н): 0-39%. – 12 оқушы «2» -3 үлгерім -88%; сапа-40%; 7-сыныпта 21 оқушы бар. «5»-0; «4»-4; «3»-13; «2»-4 үлгерім -81%; сапа-24%; Токсандық сапамен салыстырғанда айырмашылық өте үлкен.

Оқушылары облыстық олимпиададан орын алып жүр. Мектеп едуді толтыру кезінде кемшіліктер болған жоқ. ҚМЖ –лары 130 бұйрық бойынша жазылған.

Ибраева Динараның сабағын слайдқа салып дайындаған, бірақ сабағы жартылай қазақ тілінде өтті. Орыс тілінде сабақты түсінуі қиындау. 5-сыныптағы оқушы саны: 24 Орындаған оқушы саны: 22 Тест сұрағы 10. Қамтылған тақырыптар: имя существительное, имя прилагательное, род и число имен существительных, склонение имен существительных и имен прилагательных. Тест нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті: жоғары (В): 85-100% - 8 оқушы, орта (С): 40-84%; - 13 оқушы, төмен (Н): 0-39%. – 1 оқушы. Тест тапсырмаларды орындау барысында Мустахин Айдар қиындықтарға тап болды. Себебі: денсаулық жағдайына байланысты 2 апта сабақтан қалып қоюы, өтілген тақырыптарды меңгермеуі.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 12)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ж.Бекболатова: Әріптесім Динараның іс-тәжірибесін әлі жетілдіру қажет. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізу керек.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Орыс тілі пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп танылсын;
2. Орыс тілі пәні мұғалімі – Бекболатова Жанира 6-7-сыныптар бойынша білім сапасын көтеру үшін мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға жұмыстансын;
3. Ибраева Динараға тәжірибелі мамандардың сабақтарына қатысып, тәжірибе жинақтау міндеттелсін.

XIV ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова: 2023-2024 оқу жылы шығармашылық топтардың жұмысының тиімділігін зерделеу бойынша бақылау жүргізілді. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін жетілдіру жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Жоғары санатты педагогтардың іс-тәжірибесін жас мұғалімдердің сабақта қолдануын жетілдіру қажет. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 13)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Жұмыс жоспарына мектептің зерттеушілік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды енгізу;
2. Физика, орыс тілі, тарих пәндерінен оқушылар зерттеу жұмыстарына тартылсын;

XV ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова: 7-9 сыныптардағы география пәнінің берілу жағдайына бақылау жасау жасалды. 7,8,9-сыныптарға география пәнінен педагог-модератор санатындағы Мұстафин Алқабек сабақ береді. Еңбек өтілі 4 жыл. 02.08.2023ж. күні «Мектептегі жаратылыстану және география сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында пәндік курстан өткен. Оқушылардан тест алынды және сабақтарына қатысылды. Мұғалімнің сабақ өткізу методикасы жақсы. Оқушылардың тест сұрақтары мен картамен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру қажет. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 14)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Мұстафин: Мен пән мұғалімі болғандықтан алдағы уақытта оқушыларды тест сұрақтары мен картамен жұмыс жасау дағдыларына көбірек уақыт беруім қажет екендігін қаперге аламын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. 7-9 сыныптардағы география пәнінің берілу жағдайы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Оқушылардың тест сұрақтары мен картамен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру пән мұғалімі А.Мұстафинге міндеттелсін.

XVI ТЫҢДАЛДЫ

ДТЖО С.Аманқосова: 2023-2024 оқу жылы тәрбие сағаттарының тиімділігі бойынша тексеру жүргізілді. Әр сыныпта ай сайын 1 тәрбие сағаты, тоқсанына 1 рет ашық тәрбие сағаты өткізіледі. Оқу

жылының басында тәрбие сағаты мен ашық тәрбие сағатының кестесі жасалып бекітілді. Әр аптаның дүйсенбі күні бірінші сабақта сынып сағаты, тәрбие сағаттары өткізіліп отыр. Ашық тәрбие сағаттары мерекелік күнге байланысты өткізілді. І тоқсан Республика күні, Ұстаздар күні, ІІ тоқсан Тәуелсіздік күніне байланысты. Сонымен бірге ақын-жазушылардың мерекелік күніне байланысты да тәрбие сағаттары өткізіліп отыр. 10-сынып Шәкәрім Құдайбердіұлы, 11-сынып Әбіш Кекілбайұлы өмірі мен шығармашылығына байланысты танымдық сабақтар өткізілді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 15)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Б.Сельбаева: Акт залдың болмауына байланысты тиісті дәрежеде тәрбие сағаттарының өтуіне кедергі. Әйтпесе мектепте өнерлі балалар баршылық. Тәрбиелік шараларға да балалардың белсенділігі байқалады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Тәрбие сағатының өз деңгейінде, кестеге сай өтуі қадағалансын;
2. Бақылау-басшылық жасау ДТЖО С. Аманқосоваға міндеттелсін.

XVII ТЫҢДАЛДЫ

ДТЖО С.Аманқосова: 2023-2024 оқу жылы Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асырылуы бойынша тексеру жүргізілді. 2023-2024 жылында «Біртұтас кешенді тәрбие бағдарламасы» енгізілді. «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы және «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында шаралар жүргізіліп келеді. Жобаның мақсаты: қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу. Бірінші тоқсан – Республика күнін мерекелеуге арналған «ақындар айтысы». «Шетпе гимназиясы» КММ-де қазақ халқының асыл дәстүрі «Айтыс — ұлттық өнер» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу. Сынып сағаты барысында айтыс, айтыскер ақындар туралы түсінік беріліп, айтыстан үзінді көрсетілді. 2-тоқсан «Алтын сақа» олимпиадасы. Аудандық кезеңі өткізілді. «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары: қыркүйек Сергіту сәті: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасына сәйкес «Шетпе гимназиясы» КММ-де «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. Мақсаты – балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Қазан Әнұран айту: Республика күні мерекесі аясында «Мәңгілік жаса, қыран елім – Қазақстаным» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес және «9 айда – 9 іс-шара» жобасы аясында Әнұран орындау челленджі өткізілді. Мектеп ұжымы мен барлық сынып оқушылары бір уақытта Мемлекеттік Гимнді шырқады. Қараша Асық ату: Асық ойыны– қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды болып келеді. 17.11 күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де «Тоғыз айға- 9 іс-шара» жобасына сай «Алтын сақа» республикалық челленджінің негізінде «Бес табан», «Бес асық» ойындары өткізілді. 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында «Досболайық» акциясы өткізіліп жатыр. Осыған сәйкес поэзия кеші, челленджер ұйымдастырылды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 16)


СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Жобаның іс-шара жоспарына сәйкес шаралардың уақытында өз дәрежесінде өткізілуін қадағалау ДТЖО С.Аманқосоваға міндеттелсін;

Жиналыс төрайымы:  А.Елеова

Хатшы:



Г.Қайыроллақызы